

Жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін Қарасу ауыл округіне жер телімін беру және елді мекеннің шегін өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихат сессиясының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 3-56/IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы N 2520 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 4 ақпанда N 14-10-81 тіркелді

" Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған".

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20-шы маусымдағы Жер Кодексінің 108-бабының 5-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ**, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Т І :

1. Қарасу ауыл округі аумағындағы арнаулы жер қорынан жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін жалпы көлемі 69,0 гектар жерден жер телімі алынып, Мәртөбе, Ақбай, Ақбастау, Бескепе және Ынтымақ ауылдарының шегіне енгізілсін.

2. Жалпы көлемі 69,0 гектар жер телімі қосылып, Мәртөбе, Ақбай, Ақбастау, Бескепе және Ынтымақ елді мекендерінің шегі өзгертілсін.

3. Осы бірлескен шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі
Сессия төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*М. Әлі
Р. Шадиев
Т. Тулендиев*